

ЖШС «Айсерік» бөбекжай-балабақшасы»

Бекітемін:
«Айсерік» бөбекжай - балабақшасы
менгерушісі:
Л.Мауленова



«Айсерік» бөбекжай-балабақшасы» педагог-психологының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Педагог – психолог: Даулеткелдиева Айгул Амангельдиевна

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Балардың психофизиологиялық денсаулығын, дамуын есепке алып, жеке тұлғаның ерекшелігін жан-жақты зерттеп, жан дүниесін дамыту, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметті ортадағы мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті, шығармашылдыққа бейімделген жеке тұлғаны тәрбиелеу. **Ата-аналар мен ұстаздардың** қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
- Педагогтардың, ата-аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Міндеттері:

- 1.Әр баланың психологиялық және тұлғалық дамуына ықпал ету, кезеңнен кезеңге өтуде орта бейімделуіне ықпал ету.
- 2.Бала дамуының ерекшеліктерін зерттеу.
- 3.Ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың жеке белсенділігін дамыту.
- 4.Күн тәртібінде балалардың арасында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруды жалғастыру.

Жоспарды құру барысында мына тізімдегі нормативтік құжаттар ескерілді:

- 1.ҚР Конституциясы
- 2.ҚР бала құқығы туралы заңы
- 3.ҚР «Білім туралы» заңы
- 4.ҚР білімінің даму концепциясы
- 5.ҚР «Неке және отбасы» заңы
- 6.Психологтың этикалық кодексі
- 7.ҚР Білім және ғылым министрінің 2011ж «20» желтоқсан №528 бұйрығы Өз жұмысына педагог-психолог ҚР Президентінің Жарлықтарын, білім беру саласын басқаратын барлық деңгейдегі органдардың шешімдерін басшылыққа алады.

Біздің негізгі мақсатымыз: Қазақстанда өзіміздің Ұлттық психологиялық қызметтің жүйеліі, нәтижелі болуына үлесімізді қосу.

2023-2024 оқу жылына педагог-психологтың жұмыс жоспары

I. Психологиялық диагностика			
№	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Мерзімі
1	Жылдық, айлық, апталық жұмыс жоспарларын дайындау.	Жоспарлау	Тамыз
2	Психологиялық бағыттар бойынша практикалық материалдар дайындау.	Материалдар дайындау	Жыл бойы
3	Балалардың балабақшаға бейімделуіне көмек көрсету. Балалардың балабақшаға бейімделуі.	Әңгімелесу Баяндама	Қыркүек
4	Зейінін анықтауға арналған әдістеме «Суреттерді салыстыр»	Суретпен жұмыс	Қараша – Ақпан
5	Ес процесін анықтауға арналған әдістеме «Суреттерді есінде сақта»	Суретпен жұмыс	Қазан – Наурыз
6	Қабылдауды диагностикалау «Кімге не жетіспейді?», «Суретте қандай заттар жасырынған?» әдістемелері.	Суретпен жұмыс	Қараша – Сәуір
7	Ойлау қабілетін диагностикалау «Қисынсыздықтар», «Жыл мезгілдері», «Бір сөзбен ата» әдістемелері.	Суретпен жұмыс	Желтоқсан
8	Ересек топтағы тәрбиеленушілердің мектепке даярлығын анықтау	Тест	Сәуір – Мамыр
9	Ортаңғы «Балауса» тобына және ересек «Нұршуақ» тобына ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу.	Оқу қызметі	Ақпан - Сәуір
II. Психологиялық түзету-дамыту			
1	Ертегі терапиясы. Жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырат.	Әңгімелесу. Суретпен жұмыс.	Қараша
2	Балалармен жеке түзету-дамыту сабағын өткізу.	Психологиялық жаттығу	Аптасына 1 рет
3	Ертегі терапиясы. Ертегі желісін балалардың қиялымен аяқтау.	Суретпен жұмыс	Қаңтар
4	Сөздік қорын анықтау. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.	Суретпен жұмыс	Ақпан
5	Шығармашылықпен ойлауды дамыту курсы (ересек тобы)	Суретпен жұмыс	Қаңтар
6	Ойын түріндегі сабақтар, қарым-қатынасты дамытуға арналған ойын жаттығулар.	Жаттығулар	Қаңтар- Ақпан
7	Ересек топтағы балаларды мектепке дайындауға бағытталған түзету-дамыту сабағы.	Жаттығулар	Сәуір

III. Педагогтармен жұмыс

1	Педагогтардың ата-анамен және баламен алғашқы әңгімелесуді ұйымдастыру	Ұйымдастыру. Кеңес беру.	Қыркүйек
2	Педагогтардың сұранысы бойынша кеңес беру.	Кеңес беру	Жыл бойы
3	Негізгі шағым түрлеріне қарай қорытынды жасау.	Қорытындылау	
4	Педагогтардың қарым-қатынасын анықтау.	Бақылау	Үнемі
5	Педагогтардың кәсіби шеберлігін анықтау.	Тест	Қазан
6	Балабақшадағы іс-шараларға қатынасу.	Бақылау	Үнемі
7	Педагогикалық кеңестерге жұмыстарды дайындау және оған қатынасу.	Баяндама Тренингтер	Жыл бойы
8	Өз ортаңызда қандайсыз?	Тренинг	Қазан

IV. Ата – аналармен жұмыс

1	Кеңес беру, ағарту жұмыстары	Кеңес беру	Жыл бойы
2	Ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу.	Қажетіне қарай	
3	Жалпы ата-аналар жиналысына қатысу. Тренинг жүргізу «Өз балаңа үлгі бол!»	Тренинг	Қыркүйек
4	Ата –аналар жиналысына қатысу	Тест – сауалнама	Желтоқсан
5	Ата-аналар жиналысына қатысу	Тест - сауалнама	Наурыз

V. Әкімшілікпен жұмыс.

1	Мектепке дейінгі мекеменің жылдық жоспарын құруға қатысу.	жоспарлау	тамыз
2	Әкімшіліктің сұранысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатысу.	Кеңес беру.	Жыл бойы
3	Аудандық, қалалық семинарларға қатысу.	Семинарларға қатысу	Жыл бойы
4	Ұжымның бірлесіп жұмыс атқаруына психологиялық көмек көрсету.	Көмек көрсету	Үнемі
5	Жүргізілген диагностикаларға анықтама беру.		Желтоқсан Мамыр
6	Педагогикалық кеңестерге жұмыстарды дайындау және оған қатысу.	Жұмысты дайындау	Жыл бойы